

Сайрам ауданы әкімдігінің 7 қыркүйек 2020 жылғы № 365 "Сайрам ауданы әкімдігінің 11 сәуір 2018 жылғы № 178 "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Сайрам аудандық бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 536 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қарашада № 5911 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сайрам ауданы әкімдігінің 7 қыркүйек 2020 жылғы № 365 "Сайрам ауданы әкімдігінің 11 сәуір 2018 жылғы № 178 "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, Сайрам аудандық бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5784 тіркелген, 2020 жылғы 14 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

қаулының орыс тіліндегі тақырыбында "сентября" деген сөз алып тасталсын, қазақ тіліндегі тақырып өзгермейді.

2. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Б. Тұрғынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК